

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарларды сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғаудың бірыңғай тәсілдерін қолдану жөніндегі іс-шаралар жоспарын ("жол картасын") бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 17 қазандағы № 32 өкімі 2018 жылғы 2 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісімді іске асыру мақсатында, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау кезінде криптографиялық қорғаудың бірыңғай тетіктері туралы" 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 41 шешімін орындау шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарларды сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғаудың бірыңғай тәсілдерін қолдану жөніндегі іс-шаралар жоспары ("жол картасы") бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерінен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасымен бірлесіп, осы өкіммен бекітілген жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз ету сұралсын.

3. Осы өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан*

М.Григорян И.Петришенко Б.Жұманғарин А.Касымалиев А.Оверчук

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2022 жылғы 17 қазандағы
№ 32 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарларды сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғаудың бірыңғай тәсілдерін қолдану жөніндегі іс-шаралар жоспары ("жол картасы")

Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы
1. Мынадай мәліметтерді қамтитын тауарларды сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғаудың		

<p>бірыңғай тетіктерін іске асыру мақсатында таңбалау кодтарын тексерудің ашық кілттерімен (бұдан әрі – ашық кілттер) алмасу қағидаларын әзірлеу: ашық кілттермен алмасу инфрақұрылымына қатысушылардың құрамы, міндеттері, өкілеттіктері және жауапкершілігі; ашық кілттерді тарату, оларды кері қайтарып алу тәртібі, олардың қолданылу мерзімдерін тоқтата тұру және ұзарту</p>	<p>2023 жылғы 1 наурызда</p>	<p>Ресей Федерациясы, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер), Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия)</p>
<p>2. Ашық кілттермен алмасу қағидалары туралы Комиссия актісін қабылдау</p>	<p>2023 жылғы 1 сәуірде</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>
<p>3. Мүше мемлекеттердің ашық кілттермен алмасу инфрақұрылымын құруы</p>	<p>осы жоспардың "4" тармағының "а" тармақшасы орындалған күннен бастап 12 ай ішінде</p>	<p>мүше мемлекеттер Комиссия</p>
<p>4. Тауарларды сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғаудың бірыңғай тетіктерін іске асыру үшін қажетті ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды орындау:</p>		
<p>а) МЕМСТ 34.10-2018 мемлекетаралық стандартының базасында тауарларды сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғаудың бірыңғай тетіктерін іске асыру мақсатында ақпаратты криптографиялық қорғау саласында техникалық шешімді (бұдан әрі – техникалық шешім) әзірлеу және Комиссияның мүше мемлекеттердің ұлттық операторларына қажетті техникалық талаптар мен үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті құжаттаманы қоса алғанда, техникалық шешімді беруі: сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғаудың бірыңғай тетіктерін және мүше</p>	<p>қаржыландыру берілген күннен бастап 9 ай ішінде (2024 жылдың қыркүйегінен кешіктірмей)</p>	

<p>мемлекеттердің ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті параметрлерді іске асыруға арналған криптографиялық алгоритмдердің техникалық сипаттамасы; таңбалау кодтарын тексеру кодының форматының сипаттамасы; ашық кілттер мен талаптар форматының сипаттамасы оларды қамтитын құжаттарға ашық кілттермен алмасу инфрақұрылымына қатысушылар</p>		<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>
<p>б) техникалық шешімді тәжірибелік пайдалануды жүргізу және Комиссияны оның нәтижелері туралы хабардар ету</p>	<p>техникалық шешімді алған күннен бастап 3 ай ішінде</p>	<p>мүше мемлекеттер</p>
<p>в) комиссияның техникалық шешімге спецификацияны және техникалық талаптарды бекітуі</p>	<p>осы тармақтың "б" тармақшасы орындалған күннен бастап 2 ай ішінде</p>	<p>Комиссия мүше мемлекеттер</p>
<p>г) техникалық шешімді оператораралық тестілеуді жүргізу және оны пысықтау (қажет болған жағдайда)</p>	<p>осы тармақтың "в" тармақшасы орындалған күннен бастап 3 ай ішінде</p>	<p>мүше мемлекеттер</p>
<p>5. Мүше мемлекеттерде тауарларды бірдейлендіру құралдарын қорғаудың жеке криптографиялық құралдарын әзірлеу жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды орындау, оның ішінде сертификаттауды (қажет болған жағдайда) жүргізу (мемлекеттік сараптама):</p>		
<p>а) мүше мемлекеттерде техникалық шешіммен үйлесімді техникалық шешімдерді (бұдан әрі – мүше мемлекеттер әзірлеген техникалық шешімдер) әзірлеу</p>	<p>осы жоспардың 4-тармағының "а" тармақшасы орындалған күннен бастап 9 айдан кешіктірмей</p>	<p>мүше мемлекеттер</p>
<p>б) мүше мемлекеттер әзірлеген техникалық шешімдерді тәжірибелік пайдалануды жүргізу және Комиссияны оның нәтижелері туралы хабардар ету</p>	<p>осы тармақтың "а" тармақшасы орындалған күннен бастап 3 ай ішінде</p>	<p>мүше мемлекеттер</p>
<p>в) мүше мемлекеттер әзірлеген техникалық шешімдерге оператораралық тестілеу жүргізу</p>		

және оларды пысықтау (қажет болған жағдайда)	осы тармақтың "б" тармақшасы орындалған күннен бастап 3 ай ішінде	мүше мемлекеттер
г) мүше мемлекеттер әзірлеген техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу	осы тармақтың "в" тармақшасы орындалған күннен бастап 6 ай ішінде	мүше мемлекеттер
6. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 41 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғаудың бірыңғай тәсілдерін қолдануды қамтамасыз ету	2026 жылғы 1 тамызда	мүше мемлекеттер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК